

Лексикалық тақырып: «Киім – адам көркі»

«Адам көркі – шүберек, ағаш көркі – жапырақ» деген мақал баршаға белгілі. Жарасымды киім адамды өз ортасында тартымды етеді. Адам өзінің дене бітіміне сай киімді таңдап, талғап киінеді. Әр адамның талғамы әр түрлі. Киім таңдауда киімнің матасы, сапасы, түсі, өлшемі маңызды рөл **атқарады**. Біреулер үстіндегі киімдердің бос болғанын қаласа, енді біреулер киімнің денеге жақын болғанын қалайды. Сонымен қатар таңдау жасауда киім стильдеріне де көңіл бөлген жөн. Негізгі стильдер: классикалық, романтикалық және спорттық болып бөлінеді. Қалған стильдер осы үлгілердің негізінде **пайда болыпты**.

Киімнің романтикалық стилі керемет, талғампаз көріністі білдіреді. Нәзік көйлек, гүлді шілтер, желбіреген етек-жең, кішкентай сөмке және бас киімдер – романтикалық киім үлгісінің көрінісі.

Спорттық стильді спортқа арналған киімдер деген қате түсінік қалыптаспау керек. Қалпақтар, футболкалар, жейделер, шалбарлар, кроссовкалар, рюкзактар – бұл осы стилистикалық бағыттың негізі.

Күнделікті киім үлгісінде адам өзін жайлы сезінеді. Киімнің негізгі элементтеріне мыналар жатады: джинсы, көйлек, футболка, жемпір, кроссовки, қарапайым ыңғайлы аяқ киім, т.б. Голливуд жұлдыздары жұмыс күндері осындай үлгімен жүргендіктен бұл стильді кейде американдық деп те **атады**.

Этно стильде әр түрлі ұлттардың ұлттық ерекшеліктерін білдіретін белгілері болады. Бұл стиль 1976 жылы Ив Сен-Лоранның арқасында **танымал болыпты**.

Бохо – бұл музыкалық фестивальдердің, бостандықты сүйетін және шығармашылық адамдардың стилі. Бұл үлгінің өзіне тән белгілері: жұмсақ табиғи маталар, бас киімдер, үлкен көзілдіріктер, ковбой стиліндегі етіктер, ұзын тізбектердегі зергерлік бұйымдар, металл белдіктер, әшекей белбеулер.

Сафари стилі 60 жылдары пайда болды. Бұл саяхатқа арналған киім үлгісі. Негізінен тропикалық әскери киім элементтерін негізге **алған**. Киімнің түсі құм сияқты және көптеген қалталар қосарлана тігілетін. Символдық атрибуты – жиегі кішкентай жеңіл қалпақтар.

Қорытындылай кетсек, осындай киім стильдері адамдардың сәнді әрі талғаммен киінуіне мүмкіндік **жасайды**.

Мәтінмен жұмыс:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

- ✓ Адам киімді қалай киюі керек?
- ✓ Киім таңдауда нені ескеру қажет?
- ✓ Негізгі стильдің қандай түрлері бар?
- ✓ Романтикалық киім үлгісінің көрінісі қандай?
- ✓ Спортқа арналған киімдер түріне нелер жатады?
- ✓ Күнделікті киім үлгісінде киінген адам өзін қалай сезінеді?
- ✓ Саяхатқа арналған киім үлгісі қандай?

- 3. Мәтіннен сапалық сын есім мен қатыстық сын есімді екі бағанға бөліп жазыңыз.**

| <i>Сапалық сын есім</i> | <i>Қатыстық сын есім</i> |
|-------------------------|--------------------------|
| әдемі | күш+ті |
| | |

- 4. Мәтінде асты сызылған 4 етістің (залог) жасалуын түсіндіріңіз.**
5. Мәтінде қара курсивпен белгіленген етістіктердің қай шақта тұрғанын анықтаңыз.